

«Bolashaq» Академиясы» Жеке меншік мекемесі



САПА САЛАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР

«Bolashaq» Академиясы» ЖММ Орталық Қазақстанның жетекші, бәсекеге қабілетті жоғары оқу орындарының бірі бола отырып, өз қызметінде сапа саласында келесі мақсаттар мен міндеттер қояды:

1. Жоғары білікті мамандарды дайындау.

- Қарағанды облысы мен Қазақстан Республикасының экономикасы мен әлеуметтік саласы үшін жоғары білікті кадрларды даярлауға кепілдік беретін білім беру жүйесін құру;
- халықаралық стандарттарға сәйкес мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету;
- білім алушының барлық құрамдас бөліктеріндегі бәсекеге қабілетті, үйлесімді дамыған тұлғасын, яғни: мемлекет, қоғам, жеке тұлға мүдделерін негізге ала отырып, кәсібилікке, патриоттыққа, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу.

2. Ғылыми-зерттеу процесі мен инновациялық қызметті жетілдіру және дамыту.

- іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер негізінде академияның ғылыми-инновациялық дамуын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың басым бағыттарына бағытталған инновациялық перспективамен ғылыми зерттеулер жүргізу;
- халықаралық ғылыми-білім беру ортасындағы интеграциялық үдерістерді дамыту үшін академияның Халықаралық ынтымақтастық жобаларын нығайту және дамыту (конференцияларға қатысу, олардың базасында кәсіби біліктілігін арттыру, монографияларды бірлесіп шығару), таяу және алыс шетел конференцияларының импакт-факторлы журналдар материалдарында мақалаларды басып шығаруды жоспарлау.

3. Кадрлық әлеуетті дамыту және Академияның басқару жүйесін жетілдіру.

- бәсекеге қабілетті профессор-оқытушылар құрамын қалыптастыру. Оқытушылардың академиялық рейтингін анықтау (ПОҚ-ты саралау).
- академияның корпоративтік мәдениетін дамыту және қоғамда жоғары оқу орнының өкілдік имиджін қалыптастыру.

4. Білім беру және ғылыми инфрақұрылымды дамыту.

- білім беру қызметін жетілдіру, оның ішінде жұмыс берушілердің пікірін ескере отырып және Академияның кешенді өзін-өзі бағалау нәтижелері мен оның білім беру бағдарламаларының негізінде барлық мүдделі тараптардың ұсынылатын білім беру қызметтерінің жоғары сапасына және сыртқы тексеру мен аккредитациялау рәсімдерінен сәтті өту сенімділігіне қолдау көрсету.

- ақпараттық технологияларды жетілдіру;

- материалдық-техникалық базаны дамыту, оқу аудиторияларын оқытудың инновациялық құралдарымен (проекторлармен, компьютерлермен, интернет ресурстармен) жабдықтау.

5. Академияда ұйымдастыру нысандары мен жұмыс істеу әдістерін жаңғырту

- академияны басқарудың тиімді құрылымы мен жүйесін құру;
- академияны дамытудың стратегиялық бағдарламасын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету.

Ректор



Г.М. Рысмагамбетова

31.08.2023 ж.